

296-02



БҰЙРЫҚ

23 қысқарыс 2016 ж. № 296-02

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**О некоторых вопросах
стандартизации**

В соответствии с пунктами 31 Правил разработки, согласования, учета, утверждения, экспертизы, изменения, отмены и введения в действие национальных стандартов, предварительных национальных стандартов, классификаторов технико-экономической информации, за исключением военных стандартов на товары (продукцию), работы и услуги военного и двойного назначения, утвержденных приказом исполняющего обязанности Министра индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 28 декабря 2012 года № 495, и подпунктом 5) пункта 1 приказа исполняющего обязанности Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 28 июля 2015 года № 818 «О некоторых вопросах утверждения правовых актов», а также на основании Решения научно-технической комиссии технического регулирования и метрологии Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 17 ноября 2016 года № 17, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить и ввести в действие с 1 июля 2017 года следующие национальные стандарты Республики Казахстан:

СТ РК «Материалы лакокрасочные. Колориметрия. Часть 2. Измерение цвета»;

СТ РК «Материалы лакокрасочные. Колориметрия. Часть 3. Расчет цветовых различий».

2. Разместить первые редакции следующих межгосударственных проектов стандартов на стадию «Рассмотрение» в Интегрированной автоматизированной информационной системе МГС (АИС МГС):

ГОСТ «Продукты пищевые, продовольственное сырье, биологически активные добавки. Определение содержания бенз(а)пирена методом высокоэффективной жидкостной хроматографии с флуориметрическим детектированием»

ГОСТ «Продукты пищевые, продовольственное сырье, корма для животных. Определение содержания кадмия, свинца, мышьяка, ртути, хрома атомно-абсорбционным методом электротермической атомизацией»

ГОСТ «Масло эфирное розмарина (*Rosmarinus officinalis* L.)»;

ГОСТ «Масло эфирное иланг-иланга (*Cananga odorata* (Lam.) Hook. f. и Thomson forma genuina)»;

ГОСТ «Масло эфирное мандарина, итальянского типа (*Citrus reticulata* Blanco)»;

ГОСТ «Масло эфирное ветивера (*Chrysopogon zizanioides* (L.) Roberty, syn. *Vetiveria zizanioides* (L.) Nash)»;

ГОСТ «Масло эфирное Мелалеуки (*Melaleuca*), типа терпинен-4-ол (масло чайного растения)»;

ГОСТ «Масло эфирное неролиевое (*Citrus aurantium* L., syn. *Citrus amara* Link, syn. *Citrus bigaradia* Loisel, syn. *Citrus vulgaris* Risso)»

ГОСТ «Масло эфирное полевой мяты (*Mentha arvensis*), частично дементолизированное (*Mentha arvensis* L. var. *piperascens* Malinv. and var. *glabrata* Holmes)»;

ГОСТ «Масла эфирные. Определение эфирного числа в маслах, содержащих трудноомыляемые эфиры»

ГОСТ «Масла эфирные и экстракты ароматических соединений. Определение остаточного содержания бензола»

ГОСТ «Жиры и масла животные и растительные. Обнаружение и идентификация летучих органических загрязняющих примесей методом газовой хроматографии/ масс- спектрометрии»

3. Утвердить и ввести в действие с 1 января 2018 года следующие национальные стандарты Республики Казахстан:

СТ РК «Горизонтальные методы молекулярного анализа с применением биомаркеров. Методы анализа для обнаружения генетически модифицированных организмов и полученных из них продуктов. Часть 3. Метод PCR, специфичный для определения генетической конструкции в реальном времени, для обнаружения P35S-pat-последовательности при тестировании генетически модифицированных организмов»

СТ РК «Сенсорный анализ. Оценка (определение и верификация) срока годности продуктов питания»

СТ РК «Молоко и молочные продукты. Закваски, пробиотики и ферментированные продукты. Количественная оценка молочнокислых бактерий с помощью проточной цитометрии»

СТ РК «Смеси для детского питания и взрослых. Определение содержания витамина B₁₂ с помощью обращенно-фазовой высокоэффективной жидкостной хроматографии (RP-HPLC)»

СТ РК «Смеси для детского питания и взрослых. Определение содержания мио-инозитола с помощью жидкостной хроматографии и импульсной амперометрии»;

СТ РК «Смеси для детского питания. Определение содержания нуклеотидов с помощью жидкостной хроматографии»

СТ РК «Смеси для детского питания и взрослых. Определение содержания пантотеновой кислоты с помощью ультравысокоэффективной жидкостной хроматографии и тандемной масс-спектрометрии (UHPLC-MS/MS)»

СТ РК «Смеси для детского питания и взрослых. Определение общего содержания йода. Масс-спектрометрия с индуктивно связанной плазмой (ICP-MS)»

СТ РК «Смеси для детского питания и взрослых. Определение содержания хрома, селена и молибдена. Масс-спектрометрия с индуктивно связанной плазмой (ICP-MS)»

СТ РК «Молоко, молочные продукты, смеси для детского питания и взрослых. Определение состава жирных кислот. Метод капиллярной газовой хроматографии»

СТ РК «Молоко сухое быстрорастворимое. Определение диспергируемости и смачиваемости»

СТ РК «Жиры и масла. Определение состава триацилглицеридов с использованием капиллярной газовой хроматографии»

СТ РК «Жиры и масла животные и растительные. Определение содержания алифатических углеводов в растительных маслах»

СТ РК «Масло пальмовое. Определение ухудшения показателя обесцвечивания (DOBI) и содержания каротина»

СТ РК «Жиры и масла животные и растительные. Определение условной массы на единицу объема (масса литра в воздухе). Метод с применением качающейся U-образной трубки»

СТ РК «Жиры и масла животные и растительные. Определение содержания эфиров жирных кислот хлорпропандиола (MCPD) и глицидола с применением газовой хроматографии/масс-спектрометрии. Часть 1. Метод с применением быстрой щелочной перэтерификации и измерение содержания 3-MCPD и дифференциальное измерение содержания глицидола»

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан Мейрбаеву Галия-Бану Ондасыновну.

5. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

**Председатель Комитета
технического регулирования
и метрологии Министерства
по инвестициям и развитию
Республики Казахстан**

Б. Канешев



БҰЙРЫҚ

2016 ж. 21.03.16 № 296-00

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**Стандарттаудың кейбір
мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушысының 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 495 бұйрығымен бекітілген «Әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларының 31-тармағына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының «Құқықтық актілерді бекітудің кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 28 шілдедегі № 818 бұйрығының 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Техникалық реттеу және метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссиясының 2016 жылғы 17 қарашадағы № 17 шешімінің негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мынадай:

ҚР СТ «Лак-бояу материалдары. Колориметрия. 2-бөлім. Түсін өлшеу».

ҚР СТ «Лак-бояу материалдары. Колориметрия. 3-бөлім. Түстік айырмашылықтарын есептеу» ұлттық стандарттары бекітілсін және 2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілсін.

2. МАС біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің «Қарастыру» сатысына келесі мемлекетаралық стандарт жобаларының алғашқы редакциялары орналастырылсын:

ГОСТ «Тамақ өнімдері, азықтық шикізат, биологиялық белсенді қоспалар. Бенз(а)пирен мөлшерін флуориметриялық детектрлеумен жоғары тиімділікті сұйықтықтық хроматография әдісі арқылы анықтау».

ГОСТ «Тамақ өнімдері, азықтық шикізат, жануарларға арналған жем. Құрамындағы кадмий, қорғасын, күшән, сынап, хром мөлшерін электртермикалық атомизациялы атомдық-абсорбциялық әдіспен анықтау».

ГОСТ «Жануарлар мен өсімдік тоң майы және майлары. Газды хроматография/масс-спектрометрия әдісі арқылы ұшпа органикалық ластауыш қоспаларды анықтау және сәйкестендіру».

ГОСТ «Розмарин эфир майы (*Rosmarinus officinalis* L.)».

ГОСТ «Иланг-илангтан алынған эфир майы (*Cananga odorata* (Lam.) Hook. f. және Thomson forma genuina)».

ГОСТ «Итальялық мандарин эфир майы (*Citrus reticulata* Blanco)».

ГОСТ «Ветиверий эфир майы *Chrysopogon zizanioides* (L.) Roberty, syn. *Vetiveria zizanioides* (L.) Nash».

ГОСТ «Терпинен-4-ола типті, Мелалеуки (*Melaleuca*) эфир майы (шай өсімдігінен алынған май)».

ГОСТ «Неролий эфир майы (*Citrus aurantium* L., syn. *Citrus amara* Link, syn. *Citrus bigaradia* Loisel, syn. *Citrus vulgaris* Risso)».

ГОСТ «Дала жалбызынан (*Mentha arvensis*) алынған, ішінара ментолсыздандырылған эфир майы (*Mentha arvensis* L. var. *piperascens* Malinv. and var. *glabrata* Holmes)».

ГОСТ «Эфир майлары. Құрамында қиын ыдырайтын эфирлер бар майлардағы эфир санын анықтау».

ГОСТ «Эфир майлары және хошиісті қосындылардың сығындылары. Бензолдың қалдық мөлшерін анықтау».

3. Мынадай:

ҚР СТ «Биомаркерлерді қолдана отырып, молекулярлық талдауға арналған көлденең әдістер. Генетикалық түрлендірілген ағзаларды және олардан алынған өнімдерді табуға арналған талдау әдістері. 3-бөлім. Шынайы уақытта генетикалық құрастырылымын анықтауға, генетикалық түрлендірілген ағзаларды тестілеу кезінде P35S-pat-дәйектілігін анықтауға тән PCR әдісі».

ҚР СТ «Сенсорлық талдау. Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімін бағалау (анықтау және верификация)».

ҚР СТ «Сүт және сүт өнімдері. Ұйытқы, пробиотиктер мен ферменттелген өнімдер. Ағындық цитометрия арқылы сүт қышқылы бактерияларын мөлшерлік бағалау».

ҚР СТ «Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар. Кері фазалы жоғары тиімділікті сұйықтық хроматографиясы (RP-HPLC) арқылы B12 дәруменінің мөлшерін анықтау».

ҚР СТ «Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар. Сұйықтық хроматографиясы және импульстік амперометрия арқылы миоинозит мөлшерін анықтау».

ҚР СТ «Балалар тағамына арналған қоспалар. Сұйықтық хроматографиясы арқылы нуклеотид мөлшерін анықтау».

ҚР СТ «Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар. Ультражоғары тиімділікті сұйықтық хроматографиясы және тандем масс-спектрометрия (UHPLC-MS/MS) арқылы пантотен қышқылының мөлшерін анықтау».

ҚР СТ «Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар. Йодтың жалпы мөлшерін анықтау. Индуктивті байланысқан плазмалы масс-спектрометрия (ICP-MS)».

ҚР СТ «Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар. Хром, селен және молибден мөлшерін анықтау. Индуктивті байланысқан плазмалы масс-спектрометрия (ICP-MS)».

ҚР СТ «Сүт, сүт өнімдері, балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар. Май қышқылы құрамын анықтау. Қылтүтікті газды хроматография әдісі».

ҚР СТ «Тез еритін құрғақ сүт. Ұсақталуды және дымқылдануды анықтау».

ҚР СТ «Тоң май және май. Қылтүтікті газды хроматография арқылы триацилглицерид құрамын анықтау».

ҚР СТ «Өсімдік пен жануарлар тоң майы және майлары. Өсімдік майларындағы алифатикалық көмірсутек мөлшерін анықтау».

ҚР СТ «Пальма майы. Түссіздену көрсеткішінің нашарлауын (DOBI) және каротин мөлшерін анықтау».

ҚР СТ «Жануарлар мен өсімдік тоң майлары мен майлары. Көлемге шартты салмақты анықтау (ауадағы литр салмағы). Тербелмелі U тәрізді түтікті қолданып жасалатын әдіс».

ҚР СТ «Жануарлар мен өсімдік тоң майы мен майлары. Газды хроматография/масс-спектрометриясы арқылы хлорпропандиол (MCPD) және глицидол май қышқылдары эфирлерінің мөлшерін анықтау. 1-бөлім. Тез сілтілі қайта этерификацияны қолданып жасалатын әдіс және 3-MCPD мөлшерін өлшеу және глицидол мөлшерін дифференциалды өлшеу» ұлттық стандарты бекітілсін және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының орынбасары Ғалия-Бану Оңдасынқызы Мейірбаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігі Техникалық
реттеу және метрология
комитетінің төрағасы**

Б. Қанешев